



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№19/201
9 мамыр



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТІЛДІ

Қарағанды облысының барлық қала-аудандарында 9 мамыр күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығына арналған еске алу шаралары өтуде.

Таң сәріден бастап қарағандылықтар «Мәңгілік алау» мемориалына гүл шоқтарын қоюда.

— Біз жыл сайын Мәңгілік алауға келуге тырысамыз. Ұлымызды ертіп келеміз, ол бүгінгі бейбіт өмірімізге кімдердің арқасында қол жеткізгенімізді түсінсін дейміз. Біздің әжеміз тыл ардагері болған, сондықтан бұл естелікті сақтау біз үшін өте маңызды, — дейді Қарағанды тұрғыны Евгений Критович.

Реквием-митингке облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, әскери қызметшілер, мемлекеттік органдардың өкілдері, қоғамдық бірлестіктер мен қала тұрғындары қатысты.

Соғыс жылдары қаза тапқандарды жиналғандар бір минут үнсіздікпен еске алды.

Дәстүр бойынша облыс басшылығы Ұлы Отан соғысының ардагерлерін арнайы барып құттықтады.

Олар Ұлы Отан соғысына қатысушыларға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жеңіс күніне арналған құттықтауын жеткізді.

Қазіргі таңда өңірде майдангер алты ардагер тұрады. Солардың бірі — Мария Шинкевич. Биыл ол 101 жасқа толды. Ол мергендер мектебін тәмамдағаннан кейін 19 жасында майданға аттанған. 1945

жылдың тамызына дейін 3-Беларусь және Украина майдандарында қызмет етті.

Мария Шинкевич II дәрежелі Отан соғысы орденімен, екі мәрте «Ерлігі үшін» медалімен, «Германияны жеңгені үшін» медалімен және өзге де наградалармен марапатталған. Соғыстан кейін елді қалпына келтіру жұмыстарына қатысты.

Ардагер Жеңіс күнін Прагада қарсы алған. Ол әлі күнге дейін 9 мамырды өміріндегі ең басты мереке деп санайды.

— Біз Жеңісті тағатсыздана күттік әрі бұл күннің міндетті түрде келеріне сендік. Бүгінде сол сәтті толқумен еске аламын, — дейді Мария Шинкевич. — Жастарға адал еңбек етіп, үлкендерді құрметтеп, бір-біріне қамқор болуды тілеймін.

Соғыс жылдары Қазақстаннан майданға 1,2 миллионнан астам адам аттанған.

Қарағанды облысынан шамамен 60 мың адам әскерге шақырылып, олардың 25 мыңы елге оралмаған.

Кеңес Одағының Батыры атағы өңірдің 34 тумасына берілсе, тағы 13 жерлес Даңқ орденінің толық кавалері атанған.

Қарағандыда жасақталған 77-артиллериялық полк Сталинградтан Братиславаға дейінгі жауынгерлік жолдан өткен.

*Қарағанды облысы әкімдігінің
баспасөз орталығы*

В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ПОЧТИЛИ ПАМЯТЬ УЧАСТНИКОВ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ



Во всех городах и районах Карагандинской области 9 мая проходят памятные мероприятия, посвященные 81-й годовщине Победы в Великой Отечественной войне.

С раннего утра жители Караганды несут цветы к мемориалу «Вечный огонь».

— Мы стараемся каждый год приходить к Вечному огню. Приводим сына, чтобы он понимал, благодаря кому у нас сегодня мир. Наша бабушка была ветераном тыла, и для нас важно сохранить эту память, — говорит жительница Караганды Евгения Критович.

В митинге-реквиеме приняли участие аким области Ермағанбет Булекпаев, военнослужащие, представители госорганов, общественных объединений и жители города.

Память погибших в годы войны почтили минутой молчания.

По традиции руководство области посетило ветеранов Великой Отечественной войны.

Они передали участникам ВОВ поздравления с Днём Победы от Главы страны Касым-Жомарта Токаева.

Сейчас в регионе проживают шесть фронтовиков. В их числе Мария Шинкевич — в этом году ей исполнился 101 год. На фронт она ушла в 19 лет после обучения в снайперской школе. Служи-

ла на 3-м Белорусском и Украинском фронтах до августа 1945 года.

Мария Шинкевич отмечена орденом Отечественной войны II степени, двумя медалями «За отвагу», медалью «За Победу над Германией» и другими наградами. После войны участвовала в восстановлении страны.

Победу ветеран встретила в Праге и до сих пор считает 9 Мая главным праздником своей жизни.

— Мы очень ждали Победу и верили, что этот день обязательно наступит. И сегодня вспоминаю его с волнением, — говорит Мария Шинкевич. — Молодым хочу пожелать честно трудиться, уважать старших и беречь друг друга.

В годы войны из Казахстана на фронт ушло более 1,2 миллиона человек.

Из Карагандинской области было призвано около 60 тысяч человек, 25 тысяч из них не вернулись домой.

Звания Героя Советского Союза были удостоены 34 уроженца региона, ещё 13 стали полными кавалерами ордена Славы.

Сформированный в Караганде 77-й артиллерийский полк прошёл путь от Сталинграда до Братиславы.

*Пресс-центр акимата
Карагандинской области*

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚҰРМЕТІНЕ ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ ӨТТІ



Приозерск қаласында Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 81 жылдығына орай қаза тапқан жауынгерлерді еске алу рәсімі өтті. Салтанатты шара Жеңіс стелласы маңында гүл шоқтарын қоюдан басталды.

Гүл шоқтарын қою рәсіміне қала әкімі Ахметов Мансур Талғатұлы, мекеме басшылары, ардагерлер кеңесі, қоғамдық ұйымдар мен әскери бөлімдердің басшылары, сондай-ақ қала тұрғындары қатысты. Қатысушылар майдан даласында ерлікпен қаза тапқан батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Салтанатты жиын барысында қала

әкімі сөз сөйлеп, Ұлы Жеңістің тарихи маңызы мен бейбіт өмірдің қадір-қасиетін атап өтті. Сонымен қатар, гарнизон командирі, полковник Д.Ш. Савельев және 03080 әскери бөлімінің командирі, генерал-майор А.В. Казаков жиналған қауымға жүрекжарды тілектерін жеткізді.

Бұл тағылымды шара – ерлікті ұлықтап, жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік рух пен елге деген құрметті сіңіретін маңызды сәттердің бірі болды. Батырлардың есімі ел жадында мәңгі сақталады.

facebook.com/priozersk.akimdigi

В ПРИОЗЕРСКЕ СОСТОЯЛАСЬ ЦЕРЕМОНИЯ ВОЗЛОЖЕНИЯ ЦВЕТОВ В ЧЕСТЬ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЫ



В городе Приозерск состоялась церемония памяти воинов, павших в годы Великой Отечественной войны, посвящённая 81-й годовщине Великой Победы. Торжественное мероприятие началось с возложения цветов к Стелле Победы.

В церемонии приняли участие аким города Ахметов Мансур Талғатович, руководители учреждений, представители совета ветеранов, общественных организаций и воинских частей, а также жители города. Участники почтили память героев, отдавших свои жизни за Родину, минутой молчания.

В ходе мероприятия аким города выступил с поздравительной речью,

отметив историческое значение Великой Победы и ценность мирной жизни. Также к собравшимся обратились командир гарнизона полковник Д.Ш. Савельев и командир войсковой части 03080 генерал-майор А.В. Казаков, выразив тёплые пожелания и слова благодарности ветеранам.

Данное мероприятие стало важным символом уважения к подвигу героев и патриотического воспитания молодого поколения. Память о мужестве и героизме защитников Отечества навсегда сохранится в сердцах народа.

facebook.com/priozersk.akimdigi

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНДА ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІ САЛТАНАТТЫ ТҮРДЕ АТАЛЫП ӨТТІ



7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай Приозерск қаласында мерекелік концерт жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Айтулы мерекеге арналған кешке әскери қызметкерлер, ардагерлер, қала тұрғындары мен қонақтары қатысып, Отан алдындағы адал қызмет пен ерліктің маңызы ерекше аталып өтті.

Салтанатты іс-шара барысында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізіліп, Мемлекеттік Әнұран орындалды. Мерекелік жиында ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген әскери қызметкерлерге құрмет көрсетіліп, үздік мамандар қала әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс

хаттарымен марапатталды.

Приозерск қаласының әкімі Ахметов Мансур Талғатұлы құттықтау сөз сөйлеп, Отан қорғаушылардың ел алдындағы еңбегіне жоғары баға берді. Сонымен қатар, гарнизон басшылығы мен арнайы қонақтар жылы лебіздерін білдіріп, ізгі тілектерін жеткізді.

Кеш барысында патриоттық әндер орындалып, әсерлі театрландырылған қойылымдар мен көркем би нөмірлері сахналанды. Әсіресе, әскери тақырыптағы қойылымдар мен патриоттық шығармалар көрермендерге ерекше әсер сыйлап, мерекелік кештің мазмұнын аша түсті.

facebook.com/priozersk.akimdigi

В ПРИОЗЕРСКЕ ТОРЖЕСТВЕННО ОТМЕТИЛИ ДЕНЬ ЗАЩИТНИКА ОТЕЧЕСТВА



В честь 7 мая – Дня защитника Отечества в городе Приозерск на высоком уровне состоялся праздничный концерт.

В мероприятии приняли участие военнослужащие, ветераны, жители города и гости. В ходе торжества особое внимание было уделено значимости добросовестной службы Родине и воинской доблести.

Праздничное мероприятие началось с внесения Государственного Флага Республики Казахстан и исполнения Государственного Гимна. В рамках торжественной части были отмечены военнослужащие, добросовестно обеспечивающие безопасность и мирную жизнь страны. Лучшие специалисты были награждены почётными грамотами и благодар-

ственными письмами акима города.

Аким города Приозерск Ахметов Мансур Талғатович выступил с поздравительной речью, отметив высокий вклад защитников Отечества в обеспечение стабильности и безопасности государства. Также руководители гарнизона и почётные гости выразили слова благодарности и наилучшие пожелания.

В рамках концертной программы прозвучали патриотические песни, были представлены яркие театрализованные постановки и хореографические номера. Особое впечатление на зрителей произвели военные композиции и патриотические выступления, раскрывающие дух праздника.

facebook.com/priozersk.akimdigi

«САРБАЗҒА ПРОКУРОРЛЫҚ КЕҢЕС» ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАСЫ



2026 жылғы 05 мамырда Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күні қарсаңында ҚР ҚМ 06708 әскери бөлімінде Приозерск гарнизонының әскери прокуроры А.О.Молдабаевтың және прокуратура органдарының ардагерлері Г.Е.Айрамбаев, С.Т.Джаксыбаев, Л.Н.Жаймаева мен Б.Т.Шатыбековтың қатысуымен ҚР ҚМ 06708, 44841, 18405 әскери бөлімдеріндегі сарбаздармен кездесуі өтті.

Іс-шара жалпы республикалық «Сарбазға прокурорлық кеңес» акциясы шеңберінде ұйымдастырылды және «Заң және Тәртіп» конституциялық қағидатын ілгерілетуге, жеке құрамның құқықтық сауаттылығын дамытуға, әскери тәртіпті нығайтуға және жастар арасында отансүйгіштікті қалыптастыруға бағытталды.

Кездесу барысында әскери прокурор әскери қызмет туралы заңнаманың талаптарын түсіндірді, әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттеріне, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелеріне баса назар аударды.

Сонымен қатар қонақтар әске-

ри бөлімнің құрылу тарихымен, мерзімді әскери қызметшілердің қызмет өткеру және тұрмыс жағдайымен танысты, оның ішінде әскери техника мен қару-жарақ үлгілері таныстырылып, кейін ардагерлерге әскери қызметшілердің қоян-қолтық ұрыс көрсетілімі ұйымдастырылды.

Өз кезегінде, ардагерлер әскери міндетті адал орындаудың, тәртіпті сақтаудың, Антқа адалдықтың және әрбір әскери қызметшінің жеке жауапкершілігінің маңыздылығын атап, кәсіби және өмірлік тәжірибелерімен бөлісті.

Іс-шараның қорытындысы бойынша әскери қызметте оң нәтижелерге қол жеткізген сарбаздар Бас әскери прокурордың грамоталарымен марапатталды.

Акция Отан қорғаушы күні мен Жеңіс күніне арналған концерттік бағдарламамен аяқталып, естелік суретке түсу жүргізілді.

Приозерск гарнизонының әскери прокуратурасы

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Карабеков Нурғали Кыдырмуратовича, умершего 18 ноября 2025 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым Карабеков Нурғали Кыдырмуратович имели обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Омар Сайлауовичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 3. Справки по телефону: 5-38-94; +7 708 142 6899; e-mail: omar.karabek@mail.ru

ОБЩЕРЕСПУБЛИКАНСКОЕ ПРОФИЛАКТИЧЕСКОЕ МЕРОПРИЯТИЕ «САРБАЗҒА ПРОКУРОРЛЫҚ КЕҢЕС»

05 мая 2026 года в преддверии Дня защитника Отечества и Дня Победы в воинской части 06708 МО РК состоялась встреча военного прокурора Приозерского гарнизона Молдабаева А.О. и ветеранов органов прокуратуры Айрамбаева Г.Е., Джаксыбаева С.Т., Жаймаевой Л.Н., Шатыбекова Б.Т. с солдатами воинских частей 06708, 44841, 18405 МО РК.

Мероприятие организовано в рамках общереспубликанской акции «Сарбазға прокурорлық кеңес» и направлено на продвижение конституционного принципа «Закон и Порядок», развитие правовой грамотности личного состава, укрепление воинской дисциплины и формирование у молодежи патриотизма.

В ходе встречи военный прокурор разъяснил требования законодательства о воинской службе, акцентировал внимание на правах и обязанностях военнослужащих, а также вопросах предупреждения правонарушений.

Также гости ознакомились с историей образования части, условиями

прохождения службы и быта военнослужащих срочной службы, включая демонстрацию образцов военной техники и вооружения, после для ветеранов организовано показательное выступление военнослужащих по рукопашному бою.

В свою очередь, ветераны поделились профессиональным и жизненным опытом, подчеркнув важность добросовестного исполнения воинского долга, соблюдения дисциплины, верности Присяге и личной ответственности каждого военнослужащего.

По итогам мероприятия отдельные военнослужащие, достигшие положительных результатов в воинской службе поощрены грамотами Главного военного прокурора.

Акция завершилась концертной программой посвященной ко Дню защитника Отечества и Дню Победы, состоялось памятное фотографирование.

Военная прокуратура Приозерского гарнизона

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚОҒАМ ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық - бүгінге дейін жойылмай отырған ең қауіпті дерттердің бірі. Ол айқалап келмейді, бірақ қоғамды іштен ірітіп, дамуға тұсау болады. Қанша заң қабылдап, қанша реформа жасалса да, бұл мәселе әлі өзекті күйінде қалып отыр.

Қазақстанда жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі саналады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң қабылданып, түрлі шаралар жүзеге асырылуда. Дегенмен, қағаз жүзіндегі заң мен шынайы өмірдің арасында әлі де алшақтық бар.

Көп жағдайда халық паракорлықпен күнделікті өмірде бетпе-бет келеді. Қарапайым анықтама алу, кезеккүту, қызметті жылдамдату-осындай ұсақ көрінетін әрекеттердің өзі үлкен жүйелік мәселенің бір бөлігіне айналып кеткен. Ең қауіптісі - адамдардың бұған үйреніп кетуі.

Жемқорлықтың тамыры тек жүйеде емес, адамның өзінде де жатыр. Кейбір мемлекеттік қызметшілердің

кәсіби деңгейінің төмендігі, жауапкершіліктің жетіспеуі, жеке пайдасын бірінші орынға қоюы бұл дерттің өршуіне жол ашады. Бірақ кінәні тек билікке ысырып қою да дұрыс емес. Пара беруші де – сол жүйенің бір бөлігі.

Бұл мәселемен күресу үшін қоғамның белсенділігі аса маңызды. Әрбір азамат заң бұзушылыққа көз жұма қарамай, өз ұстанымын білдіруі тиіс. Арыз-шағымдар әділдікті орнатудың бір құралы. Ал сот пен құқық қорғау органдары сол сенімді ақтауы қажет.

Жемқорлықпен күрес – бір күндік науқан емес. Бұл – сана мен көзқарасты өзгертуді талап ететін ұзақ процесс. Егер әркім “маған қатысы жоқ” деген ойдан арылмаса, бұл дерт әлі талай жыл біздің қоғамды тежей береді.

Сандықтан таңдау қарапайым: не біз жемқорлыққа қарсы тұрамыз, не ол бізді жеңеді.

*Сот әкімшісінің басшысы
Э.А.Жақупова*

«ЧЕРНОБЫЛЬ: ҚАСІРЕТ ПЕН ЕРЛІК» ЧЕРНОБЫЛЬ АЭС АПАТЫНА 40 ЖЫЛ



Адамзат тарихында орны толмас із қалдырған апаттардың бірі – Чернобыль апаты. Биыл осы қасіретті оқиғаға 40 жыл толып отыр. Бұл дата – тек өткенді еске алу ғана емес, ядролық қауіпсіздік, адам өмірі мен табиғат тағдыры туралы терең ойлануға жетелейтін маңызды кезең.

1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль атом электр станциясында болған жарылыс салдарынан атмосфераға орасан зор мөлшерде радиация тарады. Апаттың зардабы тек сол өңірмен шектелмей, Украина, Беларусь, Ресей және Еуропаның бірқатар аймақтарына әсер етті. Мыңдаған адамдар туған жерін тастап көшуге мәжбүр болды, ал көптеген жандар радиация салдарынан түрлі дертке шалдықты.

Чернобыль апаты – адамзатқа табиғатпен үйлесімді өмір сүрудің маңызын, ғылыми-техникалық прогрестің жауапкершілікпен жүзеге асырылуы қажеттігін еске салатын ащы сабақ. Бұл – тек экологиялық емес, әлеуметтік және моральдық тұрғыдан да ауыр сынақ болды.

Алайда осы қасіретті кезеңде ерлік көрсеткен жандардың еңбегін ерекше атап өту қажет. Апаттың салдарын жоюға қатысқан мыңдаған «ликвидаторлар» өз өмірлерін қатерге тігіп, радиацияның таралуын тоқтатуға бар күшін салды. Олардың арасында Қазақстаннан барған азаматтар да болды. Олар адамзат игілігі үшін жанқиярлық танытып, нағыз батырлықтың үлгісін көрсетті.

Бүгінде Чернобыль – тек қасіреттің символы ғана емес, ерліктің, жауапкершіліктің, бірліктің белгісі. Апаттан кейінгі аймақ ұзақ жылдар бойы жабық күйде қалып, табиғаттың өзін-өзі қалпына келтіру үдерісі жүріп жатыр. Бұл да адам

әрекетінің табиғатқа тигізер әсерінің қаншалықты терең екенін көрсетеді.

Осы орайда, 2026 жылдың 21 сәуір күні Чернобыль АЭС апатына 40 жыл толуына орай «Чернобыль: қасірет пен ерлік» атты тарихи сағат мектеп оқушыларының қатысуымен өткізілді. Мақсаты: Оқушыларға 1986 жылғы Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың себеп-салдарын түсіндіру, оның адамзатқа, экологияға тигізген зардабын ұғындыру. Сонымен қатар апат кезінде ерлік көрсеткен құтқарушылар мен қарапайым азаматтардың батырлығын дәріптеу, жас ұрпақты отансүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Іс-шара барысында қатысушыларға Чернобыль атом электр станциясы туралы тарихи мәліметтер ұсынылды. Апаттың қалай болғаны, оның зардаптары жайлы бейнеролик көрсетіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға сұрақтар қойылып, пікір алмасу ұйымдастырылды. Сонымен қатар, апат салдарын жоюға қатысқан батырлар туралы деректер айтылып, олардың ерлігі ерекше аталып өтті. Тақырыпқа байланысты кітап көрмесі таныстырылып, қатысушылар назарына ұсынылды.

Қорыта айтқанда, Чернобыль апаты – ұмытылмауы тиіс тарих. Ол – болашақта мұндай қателіктерге жол бермеу үшін қажет сабақ. Қасіретке толы бұл оқиға адамзатқа жауапкершілік пен сақтықтың маңызын ұғындырып, ерлік пен жанқиярлықтың мәңгілік үлгісін қалдырды.

«Приозерск қалалық кітапханасы» к.м. Оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы Исхакова А.

МЕМЛЕКЕТТІК АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек: кімдерге беріледі және қалай рәсімделеді?

Қазақстан Республикасында аз қамтылған азаматтарды қолдау мақсатында мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) тағайындалады. Бұл көмек отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен төмен болған жағдайда беріледі.

Кімдер ала алады?

АӘК-ті Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар, босқындар және тұрақты тұратын шетел азаматтары ала алады. Негізгі шарт — отбасының әр мүшесіне шаққандағы табыс белгіленген кедейлік шегінен аспауы тиіс. Сонымен қатар, еңбекке қабілетті азаматтар жұмыспен қамту шараларына қатысуға міндетті.

Қандай құжаттар қажет?

Атаулы әлеуметтік көмекті рәсімдеу үшін келесі құжаттар тапсырылады:

- Жеке куәлік;

- Отбасы құрамы туралы мәлімет;
- Табыс туралы анықтамалар (жалақы, жәрдемақы, алимент және т.б.);
- Банктік шот нөмірі;
- Қажет болған жағдайда қосымша растайтын құжаттар.

Өтінішті тұрғылықты мансап орталығына немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы беруге болады. Сондай-ақ, электронды үкімет порталы арқылы онлайн өтініш беру мүмкіндігі бар.

Мемлекет тарапынан көрсетілетін бұл көмек — қиын жағдайға тап болған отбасыларға нақты қолдау болып табылады.

Толық ақпарат алу үшін 5-26-94 нөміріне хабарласуға немесе Балқаш көшесі, 5 мекенжайы бойынша орналасқан Мансап орталығына жүгінуге болады.

Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі ММ

ГОСУДАРСТВЕННАЯ АДРЕСНАЯ СОЦИАЛЬНАЯ ПОМОЩЬ

Государственная адресная социальная помощь: кто может получить и как оформить?

В Республике Казахстан в целях поддержки малообеспеченных граждан назначается государственная адресная социальная помощь (АСП). Данная помощь предоставляется в случае, если среднедушевой доход семьи ниже установленного прожиточного минимума.

Кто может получить?

АСП могут получить граждане Республики Казахстан, кандасы (этнические казахи), беженцы, а также иностранцы, постоянно проживающие в стране. Основное условие — среднедушевой доход на каждого члена семьи не должен превышать установленный порог бедности. Кроме того, трудоспособные граждане обязаны участвовать в мерах содействия занятости.

Какие документы необходимы?

Для оформления адресной социальной помощи необходимо пре-

доставить следующие документы:

- Удостоверение личности;
- Сведения о составе семьи;
- Справки о доходах (заработная плата, пособия, алименты и др.);
- Номер банковского счёта;
- При необходимости — дополнительные подтверждающие документы.

Заявление можно подать в карьерный центр по месту жительства или через государственную корпорацию «Правительство для граждан». Также доступна подача заявки онлайн через портал электронного правительства.

Государственная поддержка в виде адресной социальной помощи является реальной помощью для семей, оказавшихся в трудной жизненной ситуации.

Для получения полной информации вы можете позвонить по номеру 5-26-94 или обратиться в Карьерный центр по адресу: улица Балхашская, 5.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №19/201, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.